

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайлды жариялау туралы

Павлодар облысы Аксу қаласы әкімінің міндетін атқарушысының 2025 жылғы 5 мамырдағы № 9 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына. Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына сәйкес, ШЕШІМ қабылдадым:

1. Аксу қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайды жоюодың басшысы болып Аксу қаласы әкімінің орынбасары Р.И. Тлявқаев тағайындалсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аксу қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы шешім алгашкы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

E. Салханов